





FTAMP 03.09.25

<https://doi.org/10.26577/JH.2023.v111.i4.08>

Қ.Т. Жұмағұлов¹ , Н.М. Абдукадыров^{1*} ,
Ә. Мұхаметқали¹ , Ә.М. Ташкараева² 

¹Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Қазақстан, Алматы қ.

²М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Қазақстан, Тараз қ.

*e-mail: nurjigit.85.kanuni@mail.ru

XIII-XIV ҒАСЫРЛАРДА ИТАЛЬЯН МЕМЛЕКЕТТЕРІ МЕН АЛТЫН ОРДА АРАСЫНДАҒЫ САЯСИ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАР (ИТАЛЬЯНДЫҚ МАТЕРИАЛДАР БОЙЫНША)

XIII-XIV ғасырларда орта ғасырлық итальян мемлекеттері халықаралық қатынастарда өте белсенді саналды. Бұл кезеңде итальяндық мемлекеттер Жерорта теңізі мен Оңтүстік-Шығыс Еуропада және Таяу Шығыста кең көлемді саяси процестері жүзеге асырды. Сонымен бірге, итальян мемлекеттері сол заманда Еуразия даласында аса ірі империя болған Алтын Орда мемлекетімен де саяси, әлеуметтік, сауда-экономикалық қатынастар орнатты. Бұл туралы итальян тіліндегі деректер көптеген мәліметтер береді. Ұсынылып отырған ғылыми мақалада, итальяндық деректер бойынша Алтын Орда мемлекеті мен ортағасырлық итальян мемлекеттері арасындағы әр түрлі байланыстар тарихы қарастырылады. Ватикан, Венеция, Генуя, Флоренция сынды қуатты итальян республикалары мен Алтын Орда мемлекеті арасында жүргізілген қарым-қатынастардың тарихы зерттеледі. Ғылыми мақаланың басты міндеттерінің бірі – итальяндардың Алтын Орда мен басқа да монғол ұлыстарымен жүргізген байланыстарының деңгейін анықтау болып табылады. Сонымен қатар, итальян мемлекеттерінің аймақтағы саясаты мен өзіндік стратегиясына және көзделген мақсаттары мен жоспарына талдау жасалады.

Түйін сөздер: итальян мемлекеттері, Алтын Орда, монғол ұлыстары, қарым-қатынастар, сыртқы сауда, елшілік, миссионерлер.

K.T. Zhumagulov¹, N.M. Abdukadyrov^{1*}, A. Mukhametkali¹, A.M. Tashkaraeva²

¹Kazakh National University named after al-Farabi, Kazakhstan, Almaty

²Taraz Regional University named after M. H. Dulati, Kazakhstan, Taraz

*e-mail: nurjigit.85.kanuni@mail.ru

Political relations between the Italian states and the Golden Horde in the XIII-XIV centuries (based on Italian materials)

In the 12th-13th centuries, medieval Italian states were considered as very active players in international relations. During this period, the Italian states carried out huge political processes in the Mediterranean, South-Eastern Europe and the Middle East. Also, the Italian states established political, social, trade and economic relations with the greatest empire in the steppes of Eurasia, the Golden Horde. This is evidenced by many sources in Italian. This scholarly article examines the different relationships between the Golden Horde and the medieval Italian states based on Italian sources. The history of the relationship between the Golden Horde and the Vatican, Venice, Genoa, and Florence is also explored. One of the main objectives of the scientific article is to determine the level of relations between Italians and the Golden Horde and other Mongol uluses. The article also analyzes the regional policy of Italian states, strategy and goals.

Key words. Italian states, Golden Horde, Mongol uluses, relations, foreign policy, missionaries.

К.Т. Жумағұлов¹, Н.М. Абдукадыров^{1*}, Ә. Мұхаметқали¹, Ә.М. Ташкараева²

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

²Таразский региональный университет им. М.Х. Дулати, Казахстан, г. Тараз

*e-mail: nurjigit.85.kanuni@mail.ru

Политические отношения между итальянскими государствами и Золотой Ордой в XIII-XIV веках (по итальянским материалам)

В XII-XIII-е века средневековые итальянские государства считались очень активными игроками международных отношений. В этот период итальянские государства осуществляли

огромные политические процессы в Средиземноморье, Юго-Восточной Европе и Ближнем Востоке. Также итальянские государства установили политические, социальные, торгово-экономические отношения с величайшей империей в степях Евразии Золотой Ордой. Об этом свидетельствуют многие источники на итальянском языке. В этой научной статье рассматриваются разные отношения между Золотой Ордой и средневековыми итальянскими государствами на основе итальянских источников. Также исследуется история взаимоотношений Золотой Орды с Ватиканом, Венецией, Генуей, Флоренцией. Одна из основных задач научной статьи является определение уровня отношений итальянцев с Золотой Ордой и другими монгольскими улусами. Также в статье проанализированы региональная политика итальянских государств, стратегия и цели.

Ключевые слова: итальянские государства, Золотая Орда, Монгольские улусы, отношения, внешняя политика, посольство, миссионеры.

Кіріспе

Зерттеу тақырыбы көрсетіп тұрғандай, XIII-XIV ғасырлар еуропалық тарихта Классикалық орта ғасырларға тура келіп, ол Еуразия кеңістігінде Батыс пен Шығыс түсінігінің толықтай қалыптасып дамыған кезеңі болды. Бұл кезеңде Шығыс пен Батыс арасындағы диалогтың, өзара барыс-келіс пен қарым-қатынастардың орын алуына Генуя, Венеция және басқа да итальяндық мемлекеттердің орны жоғары болып, олардан шыққан елшілер, миссионерлер, саудагерлер Еуропа мен Азия әлемі арасындағы диалогтың негізгі белсенді қатысушылары болды. Олар Шығыстың ең ірі ортағасырлық мемлекеті Алтын Ордамен итальян мемлекеттерінің арасында байланыстар орнатуға ықпал ете алды.

Қазіргі кезде дүниежүзілік тарих ғылымында орта ғасырлардағы Батыс пен Шығыс мемлекеттерінің байланыстарына жан-жақты талдау жасау маңызды болып отыр. Соның ішінде итальян мемлекеттері мен Алтын Орданың арасындағы өзара байланыстардың деңгейін анықтау және оған салыстырмалы талдау жасау өзекті болып отыр. Бізге белгілісі шығыс деректері бойынша (араб, парсы түркі) Алтын Орданың Батысқа жорығы мен соғыс қимылдары туралы мәліметтер беріледі. Ал, батыс деректері жаңа мәліметтер беріп отыр. Олардың ішінен итальян деректері Алтын Орда мен Венеция, Генуя және Папа мемлекеттері арасында орын алған саяси процестерде елшілік, дипломатиялық байланыстарды сипаттайды.

Итальяндық саяхатшылар, миссионерлер, саудагерлер мен елшілер тарапынан қалдырған мәліметтер мемлекетаралық байланыстарды зерттеудегі құнды мәліметтер қатарынан орын алады. Сипатына қарай типі мен түрлері әр түрлі болғанымен, олардың құндылығы ерекше

саналады. Осы орайда, Италия мемлекеттері мен Алтын Орда арасында Шығыс Еуропадағы шиеленістер мен аймақтағы бақталастыққа ғана тоқталып қоймастан, сонымен бірге елшілік, дипломатиялық қатынастарға терең барған орынды болып, ол үшін итальяндық мәліметтерге де баса назар аудару қажет. Италия деректері Алтын Орда мен Италия республикаларының өзара қарым-қатынастары бойынша көптеген мәліметтер мен фактілердің басын ашуға көмектесетіні даусыз. Осындай байланыс жолдарын итальян деректері мен мәліметтер негізінде зерттеудің өзі өзекті болып саналады.

Зерттеу материалдары мен әдістер

Ғылыми мақаланы дайындауда қолданылған материалдардың негізгі бөлігін тақырыптың атауы мен мазмұны көрсетіп тұрғандай итальяндық авторлардың хроникалары мен шығармалары құрады. Италияндық мәліметтер тақырыпқа қатысты мол ақпарат береді. Италияндық авторлардың мәліметтерінде монғолдардың Шығыс Еуропаға, Қара теңіз бен Қырым жеріне келуі мен олардың итальян мемлекеттерімен жақындасуы мен олардың арасында орын алған саяси жағдайлар көрсетілген. Тақырыпқа қатысты деректер базасы аса ауқымды болмағанымен, олардың көлемі тақырыптың мазмұнын ашуға жеткілікті.

Тақырыпқа қатысты деректердің ең негізгі бөлігін итальяндық саяхатшылар, діни миссионерлер мен саудагерлердің және арнайы миссиямен Монғолия мен Қытайға барған елшілердің жазбалары құрайды. Олардың ішінде ең танымалы Плато Карпини, Марко Поло, Вильгельм Рубрук сынды саяхатшылар мен діни миссионерлердің қалдырған жазбаларының деректік құндылығы жоғары мәліметтер қатарынан орын алады. Атап айтқанда, итальяндық діни көсем (францискан)

Плано Карпинидің Алтын Орда мен жалпы монғолдар туралы жазған «Historia Mongalorum quos nos Tartaros appellamus» «Татарлар деп аталған монғолдар тарихы» атты 1245-1247 жылдардағы дипломатиялық миссиясының негізінде құрастырған кітаптың деректік құндылығы терең.

Сол сияқты, Вильгельм Рубрук пен Марко Полоның монғолдар мен Орталық Азия халықтарының тарихы бойынша мәліметтер көптеп кездеседі. Соңғы жылдардағы зерттеулер бұл саяхатшылардың елшілік, тыңшылық және дипломатиялық қызметтері туралы мәліметтерді жарыққа шығаруда. Вильгельм Рубрук өзі француз болғанымен, ол шіркеу адамы болып, оның басты ұстанымдары мен әрекеттері Рим шіркеуімен тығыз байланысты болды. Сондықтан да оның еңбектерін тарихшылар итальяндықтардың мәліметтерімен байланыстырады. Соңғы кездері Шығысқа, Еуразия далаларында әр түрлі мақсатта саяхат жасаған жаңа есімдер пайда болып, олардың жаңарған мәліметтері жарыққа шығуда. Бұл негізінен Ватикандағы апостолдық архивте, Италияның Ұлттық кітапханасы және Венеция мен Генуяның архивтерінде сақталған манускрипттерді жариялаудың негізінде жүзеге асып отыр.

Аталған авторлардың еңбектерінде негізінен итальян мемлекеттерінің Қытаймен, Монғолияның орталығы саналған Қарақорыммен байланыстарына қатысты мәліметтер көптеп беріледі. Олар негізінен Қытайға бара жатып, жолжөнекей Орда хандарының сарайына соғатын болған. Осының негізінде

Зерттеу жұмысының теориялық және методологиялық негізін тарих ғылымының қалыптасқан дәстүрлі әдістері мен заманауи әдістері құрайды. Атап айтқанда, тарихи салыстырмалы, тарихи-типологиялық, тарихи-жүйелеу әдістері басшылыққа алынды. Бұл әдістер итальяндық латын тіліндегі деректерді жан-жақты талдай отырып, оның мазмұнын анықтауға және мәселені жан-жақты талдауға мүмкіндік береді. Зерттеу жұмысында тарих ғылымының тарихилық пен ғылыми объективтілік принциптері методологиялық негізге алынды. Ол жалпы тақырып бойынша базалық ұстанымдарды, ғылыми талқылаудың жолдарын қамтып, итальян мемлекеттері мен Алтын Орда арасындағы аймақаралық байланыстарды нақтылауға мүмкіндік берді. Ғылыми жұмыстың жалпы әдістері тарихилықты, логика пен жүйелілікті біріктіреді. Италиян мемлекеттері мен Алтын Орда ара-

сындағы сыртқы қатынастардың деңгейін көрсетуде шетелдік және отандық ғалымдардың тұжырымдары негізге алынды.

Талқылау

Тақырыпқа қатысты зерттеулер негізінен XIX ғасырдан бастап жүргізілген. Онда еуропалық тарихшылар мен деректанушылар венециялық және басқа да итальян мемлекеттерінен шыққан елшілер мен миссионерлердің жазбаларын, сыртқы сауда мен сауда жолдарының қызметіне қатысты және орда хандарының жазбалары туралы материалдарды іздестіріп зерттеді. Орта ғасырлардағы Қара теңіз саудасының тарихына сәйкес, қолжазбалардың мәтіндері зерттеліп, қосымша ретінде толығымен басылған. Мұндай салада итальяндық тарихшылар К. Марин (Marin, 1808: 115), М. де Каналенің еңбектері (Canale, 1856: 82) алғашқы зерттеулер болып, олардың көптомдық еңбектері кеңінен танымал болды. Сонымен қатар, Алтын Орданың Италиядағы саясаты туралы зерттеулер де болып, оның ең алғашқыларының бірі атақты австриялық шығыстанушы Йозеф фон Хаммер-Пургшталдің (Hammer, 1840: 122) еңбектері болып, ол Жәнібек пен Бердібек хандардың таңбаларының итальян тіліндегі аудармасын басып шығарды.

Көріп отырғанымыздай, зерттеу тақырыбына қатысты ізденіс жұмыстары негізінен шетелдік ғалымдардың, атап айтқанда ресейлік, американдық, итальяндық және басқа да еуропалық тарихшылар тарапынан талқыға түскен. Мәселеге қатысты зерттеулердің арасынан ең көлемділері ретінде итальяндық саяхатшылардың Шығыста монғол мемлекеттеріне жасаған сапары мен оның мемлекетаралық немесе аймақаралық қарым-қатынастардағы маңызы мен қызметін зерттеген. Сонымен қатар, Алтын Орда хандарының итальяндық елшілер мен саудагерлерге қатысты зерттеулері тақырыпқа қатысты іргелі еңбектердің қатарынан орын алады.

XIV ғасырда итальяндардың, оның ішінде венециандықтардың сыртқы саяси және сауда тарихын зерттеу кезінде кеңестік және ресейлік тарихшылардың еңбектері аз болмады. Е. Скржинская тарапынан ғылыми айналымға енген дереккөздердің бірі «венециялық-леванттық дипломатия» құжаттары болды. Оның очеркінде венециялықтармен Жәнібек пен Бердібектің ғана емес, сонымен қатар Өзбек ханның Қырым және Азов губернатор-

ларымен жасалған келісімдердің материалдары қамтылған (Скржинская, 1971:30-33). Сондай-ақ, осы секілді материалдармен жұмыс істеп, XIV ғасырдағы материалдарды талдаумен айналысқан кеңестік және ресейлік тарихшы С.П. Карповтың (Карпов, 1982:192-195) ғылыми зерттеулерінде Генуя мен Венеция сауда республикалары мен Орда хандарының байланыстары көрсетілген.

Сонымен қатар, мәселеге қатысты отандық ғалымдар да зерттеу жүргізіп ғылыми еңбектер жариялауы. Атап айтқанда, тарихшылар Қ.Т. Жұмағұловтың, Н.Т. Абдимомыновтың зерттеулері итальян сауда республикалары мен Орда хандары арасындағы байланыстар қарастырылған (Жұмағұлов, 2016:102-105). Сол сияқты ресейлік тарихшылар мәселеге терең назар аударған. Итальяндықтар мен ордалықтардың өзара байланыстарын венециандық құжаттар зерттеген тарихшылар А.П. Григорьев пен В.П. Григорьевтің зерттеулері маңызды болады (Григорьев, 2002:10-15). Сонымен қатар, тарихшылар В.В. Трепавлов, Р. Хаутала және басқа да Алтын Орда тарихымен айналысушы ғалымдардың еңбектерінде Орданың Батыстағы саясаты (Трепавлов, 2016) көрсетілген.

Зерттеу нәтижелері

Шыңғысхан империясының негізгі мұрагерлерінің бірі – Алтын Орда мемлекеті Сібірдің Шығыс аймақтарынан Еуропаға дейінгі аса ірі аумақты биледі. Алтын Орданың аса ірі жаулаушы күшінен қауіптенген еуропалық мемлекеттер онымен дауласпастан, жақсы қарым-қатынаста болудың жолдарын қарастырды. 1241 жылы Алтын Орда әскерлері қазіргі Польша мен Венгрия аумағына басып кіріп, Батыста жеңіліссіз соғыстар жүргізді, соның арқасында 1242 жылы Адриатика жағалауы мен Дубровник қақпаларына дейін жақындады. Монғолдардың Италия жерлеріне жақындауы итальяндықтарда үлкен қауіп тудырды. Алайда, жағдай өзгеріп, ұлы хан Үгедейдің өлімі Батуды монғол билігінің орталығынан тым алыс кетпеу үшін кері бұрылуына итермеледі. Содан кейін Бату өзінің астанасын Еділдің төменгі жағында, Сарай қаласында орнатып, Алтын Орда атауын алған мемлекетке өмір берді (Adravanti, 2001: 30-35).

1285-1286 жылдарға дейін Польша, Венгрия, Литва және Болгария аумақтары бірнеше рет шапқыншылықтарға ұшырап, тоналды. Де-

генмен Алтын Орда бұл аймақтардан салық өндірумен шектеліп отырды. Осылайша, XIII ғасырдағы монғол билеушілерінің жаулап алу соғыстары еуропалықтарда ерекше көзқарас қалыптастырды. Бұл заманда Оңтүстік Еуропада өмір сүріп жатқан ірілі-ұсақты итальян мемлекеттері үшін Алтын Орда Шығыстан келген кезекті аса үлкен қауіп деп саналды. Сол кездегі алынған мәліметтерге қарағанда монғолдар қорқынышты, тонаушы варварлардың кейпінде бейнеленді.

Дегенмен, монғолдар Шыңғысханға дейін жазуды қолданбағанымен және оларда білім мен мәдениеттің төмен болғанымен, олар өздері жаулап алған халықтарға, оның ішінде ең алдымен қытайлар мен парсылардың, түркілер мен еуропалықтардың мәдениетінің жоғары екенін уақыт өте түсіне бастады. Мұның өзін уақыттың өзі көрсетіп берді. Оның басты мысалдарының бірі Орда хандарының Ислам діні мен басқа да мәдениеттерді қабылдауы болды. Мемлекет әскери күш пен тактикаға, шабуыл жасау жылдамдығына ие болғанымен және жаулап алудың заманауи әдістерін меңгергенімен, мәдениет пен білім мемлекет дамуындағы орны ерекше екенін монғол билеушілері жай қарқынмен болса да түсіне бастады (Bussagli, 1970: 242-245).

Осының негізінде орда хандары әртүрлі діндерге, ғылымдарға, технологиялар мен өнерге деген қызығушылықтары артып, мәдениеті мен білімі және технологиясы дамыған елдермен байланыстар орнатты. Алтын Орда мен басқа да монғол мемлекеттеріне деген Батыста өзіндік көзқарас қалыптасты. Соның негізінде батыс ғалымдары, қоғамтанушылары және діни миссонерлер Алтын Орда мен жалпы монғол әлемін зерттеуге деген құлшыныс артты. Соның салдарынан Батыста «*Rex mongolica*» түсінігі қалыптасты. Монғол әлемін танумен байланысты болған бұл идея XIII-XIV ғасырларда Еуропа елдерінде кең таралды. Солардың бірі итальян мемлекеттері еді. Бұл кезеңде итальян мемлекеттері Батыста қуатты елдердің қатарында саналды. Рим католик шіркеуінен бастап Папа мемлекеті, Флоренция, Венеция, Генуя сынды итальян мемлекеттері Шығыс елдерін танып-білуге және олармен байланыс орнатуға мүдделі болды. Оның ішінде негізінен саяси, діни, миссионерлік және сауда қатынастары болды. Сауда байланыстарын құруға итальян теңіз республикалары сипатында болған Венеция, Генуя, Далмация, Дубровник т.б. болды.

Азиядағы моңғол экспансиясы кезінде Жібек жолы бойымен саяхаттаған алғашқы еуропалық діндарлар мен монахтар негізінен уағызшылар болды. 1245 жылы Лион кеңесінде Рим Папасы IV Иннокентий соңғы бес жылда Шығыс Еуропа патшалықтарын күйреткен және әлі де болса бүкіл христиан дініне қауіп төндіретіндей болып көрінген моңғол қауіпі туралы мәселе көтерді. Бұл ұсыныс көпшілік тарапынан қолдау тауып, ендігі кезекте моңғол мемлекеттеріне елшілік немесе өзара қарым-қатынасты реттейтін арнайы миссия ұйымдастырылуы қажет деп табылды. Бұл шешім, тек шіркеу немесе италяндар үшін ғана емес бүкіл еуропалықтар үшін тиімді болғандай көрінді.

Италяндық миссионерлер және халықаралық диалог

Италян мемлекеттерінің Алтын Ордамен саяси байланыстарының басты бағыты – діни фактормен байланысты болды. Бұл бағытты халықаралық байланыстың негізгі құрамы деуге болады. Оның себебі, италян республикаларынан Жошы ұлысына және басқа да моңғол ұлыстарына арнайы мақсатта миссионерлер аттандырылды. Олардың басты қызметі діни мазмұнда болғанымен, мақсаты Шығыста өз жолдарын салу болды. Алтын Орда мен басқа да моңғол мемлекеттеріне аттандырылған миссионерлер тыңшылық бағытта да жұмыс істеген. Бұл әрине бірінші кезекте италяндықтар үшін тиімді саналды. Миссионерлер Шығысқа сан рет саяхаттар мен зерттеулер ұйымдастырды. Басты мақсат, Шығыс халықтарының дәни наным-сенімдері мен көзқарастары жайлы мәліметтер жинақтау болып, ол өз кезегінде мемлекеттердің ішкі саяси өміріне қатысты мәліметтер алуға да мүмкіндік берді.

Осы мақсатпен Рим Понтифигі Сирияда, Таяу Шығыста және Еділ өзені аңғарында орналасқан моңғол билеушілеріне үш дипломатиялық өкілді дайындап жіберді. Үш елшіліктің екеуін доминикандық монахтар Андреа де Лонгжумо мен Асселино да Кремона және біреуін францискандық орденнің өкілі, танымал саяхатшы Иоанн де Плано Карпини басқарды. Олар моңғол билеушісі мен оның халқына арналған Рим Папасының екі булласын жеткізуге тиіс болды.

Өзінің моңғол билеушісіне жазған хатында (*Cum non solo homines*) Папа IV Иннокентий хатында моңғолдардың мінез-құлқы мен олардың қандықол әрекеттерін сынға алды және

болашақта моңғол билеушілерімен бейбітшілік іздеп байланыс орнатуға ниетті екенін білдіріп, сонымен бірге бұл ұсынысқа деген олардың ниеттерінің бар-жоқтығы туралы сұрақ қойды. Сондай-ақ, ең негізгісі христиан діні мен оны ұстанатын халықтарға бұдан былай қысым көрсетпеуге және шабуылдамауға шақырды. Бұл ұсынысы қарым-қатынастардың ең бірінші және негізгісі саналып, ол кейінгі байланыстардың даму жолын қалыптастырды. Папа IV Иннокентий тарапынан жазылған келесі құжат «*De patria immaculate*» деп аталып, онда Христиан дінінің қызметі мен орны туралы жазылды және ол моңғол қоғамында Христиан дінін қабылдау қажеттігін түсіндірді. Сонымен қатар, папа елшілеріне моңғолдардың саясаты, олардың әдет-ғұрыптары мен әскери техникасы туралы мүмкіндігінше көбірек мәліметтер жинау міндеті жүктелді.

Ең маңызды миссия монах Бенедетто Полононың сүйемелдеуімен жүргізілген Иоанн де Плано Карпинидің миссиясы болды. Олар осы 1245 жылы сапарға аттанып, алдымен Киевке келеді, одан соң ары қарай Еділ бойындағы Алтын Орда ханы Батыйдың сарайына келеді. Тиісті миссиялар орындалған соң олар осы жерден Моңғол мемлекетінің астанасы Қарақорымға сапарын жалғастырды. Осылайша, италян мемлекеттері мен Алтын Орда арасындағы алғашқы елшілік қарым-қатынастар орын алды. Бұл кейіннен XIII-XIV ғасырларда жүзеге асырылған әр түрлі бағыттағы өзара байланыстардың орын алуына әкелді. Байланыстар тек жеке мемлекет ретінде италяндық понтификтер мен сауда республикалары арасында ғана емес, басты мүдде Батыс пен Шығыстың арасындағы, одан тыс Еуразия континентінің әртүрлі мәдени аймақтары арасындағы байланыстарды қамтыды.

Жоғарыда аталған миссиялардың жалғасы ретінде 1253 жылы фламандтық монах Гильом де Рубрук Рим шіркеуінің және француз королі IX Людовиктің ұсынысымен, қолдауымен сапарға аттанады. Басты мақсат Шығыста евангелизация миссиясын жүзеге асыру және жалпы христиан дінін қабылдау болды. Дон мен Еділ арасындағы далаға қоныстанған моңғолдың беделді ханзадасы Батудың ұлы Сартақ христиан дінін қабылдады деген қауесет тарады. Сондықтан Рим шіркеуі мен Рубрук командасының ойынша ордалықтардың Христиан дініне келу, егер расталса, оның халқының христиандық ортаға кіруінің алғышарттары болуы мүмкін.

1253 жылы Рубрук екі айлық жолдан кейін Еділ жағасында орналасқан хан Сартақтың қосына келеді. Рубрук пен оның серіктері келгендері туралы Сартаққа хабарлауды өтінді, ол бейтаныс адамдарды қабылдауға келісті. Шіркеу киімдерін киіп, жастыққа Библияны, діни материалдарды және хош иісті заттарды қойып, дұғалар әнімен Сартақтың шатырына кірді. Сартақ монахтар мен олардың киім-кешектеріне қызыға қарады, бірақ олармен келіссөздерге бармады, оларды әкесі Бату ханға баруға шақырды. Алайда Бату француз королінің елшілерімен келіссөзге барғысы келмеді, ол Рубруктың өзін Ұлы хан Мөңкеге, Қарақорымға жіберді (Rubruk, 2014:28).

Сартақтың сарайында болған Рубрук атқа мінген христиандар да, сарациндер де, татарлар да болғанын айтады. Ол францискандардан моңғолдар арасында жүргеніне ешкім қарсылық танытпағанын және ештеңе талап етпегенін айтады. Мұны дәлелдейтін тағы бір фактор ортағасырлық армян тарихшысы Киракостың жазбаларында Орда ханы Сартақ «Мәсікке сенген және ол шіркеу мен христиандарға көптеген бостандықтарға кепілдік берген» дейді. Рубрук өз жазбаларында осыны басшылыққа алады. Сартақ ешкім ұлтына қарамастан шіркеуден «және оның қызметшілерінен» салық талап етпеуі керек деп жарлық етті және мұсылмандарға да солай істеді (Rubruk, 1929:61-62)..

Жоғарыда айтылған себептерге байланысты католиктік миссионерлер Алтын Ордада Інжілді уағыздауды ұйымдастыруға көп күш салды. Алайда Шығыста прозелитизм қызметін дамыту үшін оларға бірқатар кедергілерді еңсеру қажет болды, бұл үшін батыс саудагерлері оларға баға жетпес қызмет көрсетті. Италияның коммерциялық кеңеюі Шығыс апостолдығының дамуымен тұспа-тұс келді және Еуропа мен Азия арасындағы теңіз байланыстарының орнатылуы христиан миссионерлеріне прозелитизм қызметін салыстырмалы түрде оңай бастаған аймақтарға жетуге мүмкіндік берді. Сонымен, Кафадан келген францискандықтардың жоғарыда аталған хатында өздерін Шығыс Апостолға арнауды шешетін миссионерлерге арналған келесі нұсқаулар бар: «Біліңдер, мұнда теңіз арқылы венециандық саудагерлермен бірге келу қауіпсіз әрі оңайырақ» - деп көрсетілген. Өз кезегінде, Витториядан келген ибериялық минорит Пасхалдың хабарламасында оның 1335 жылы Испаниядан Сарайға сапарының сипаттамасы бар, онда католиктік миссионердің Ве-

неция, Галата және Тана арқылы саяхатының барлық аралық кезеңдері көрсетілген.

Осылайша, католиктік миссионерлер Батыс көпестерімен іргелес Шығысқа қарай жылжыды және, шамасы, олар Алтын Орда аумағында Кафадағы генуялық сауда бекетінің негізін салумен қатар пайда болды. Қалай болғанда да, 1314 жылы францискандықтарға берілген Өзбек хан жарлығының латын тіліндегі аудармасы пайдасын тигізгені анық (Bihl, 1924: 65-66).

1436-1452 жж. Дон сағасындағы Венеция отары Танада Өмір сүрген Йозафат Барбаро өзінің «Танаға саяхатында» Алтын Орданың саяси, шаруашылық өмірі мен оның сыртқы саяси жағдайынан мәліметтер келтіреді. Оның мәліметінше орда халқының әлеуметтік жағдайы суреттеліп, онда шаруалар егістік жолында, малшылар өз малының қамын жасап күнделікті өмір өте береді. Сауда базарлар жұмыс істеп ол жерде шетелдіктер де жүретін болған. Онда венециалықтар мен пизалықтар және басқа да еурополықтар болған.

Жалпы, Италия мемлекеттерінен Шығысқа және Алтын Ордаға тек миссионерлер ғана емес, сондай-ақ саудагерлік, саяхат және тыңшылық сипатта келген танымал адамдар да болды. Дегенмен, бұл аса оңайға соққан жоқ. Себебі, Шығысқа апаратын жолдардың қиындығы мен саяхаттың қиындықтарына төтеп беру және алыс елдерде болған кезде, тауарлардың тәркіленуі сияқты жағдайлар көптеп орын алды. Дегенмен, осындай кедергілерге қарамастан, жеке тұлғалар да әр түрлі миссиялармен Шығысқа аттанып отырды және жол-жөнекей Орда жерінде болып, әр түрлі жұмыстарды атқарды. Солардың бірі, 1338 жылдың шілдесінде венециялық Джованни Лоредан бастаған миссионерлер мен саяхатшылардың сапары болды. Олар Шығысқа беделді және ауқатты отбасыларға жататын бес азаматымен бірге барды, олардың ішінде оның ағасы Паоло, Андреа Лоредан, олардың туысы, Марко Соранзо, Марино Контарини және Балдовино Керини болды. Команда құрамында діндарлар да саудагерлер де болды. (Mark Norrell, Ludovica Rosati, 2011:140).

Олар 12 600 дукатты (яғни, 44 келіден астам алтын) жинап алды, оны компанияларға салып, оның бір бөлігін Азияда сату үшін тауарларға салды. Венецияға қонып, олар кемемен Константинопольге, содан кейін Азов теңізіне жетті, содан кейін олар құрлықтағы сапарын жалғастырды. Астраханьнан кейін олар Еділді кесіп өтті - мұздың кесірінен екі айға жуық күтуге

мәжбүр болды - және алға жылжып, алдымен Алтын Орда хандығының астанасы Сарайға, содан кейін Арал теңізінің оңтүстігіндегі Үргенішке, де жетті. Алайда, соңғы межесінен тым алыс емес, бізге белгісіз себептермен, ең алдымен, ауруға байланысты Джованни Лоредан қайтыс болды.

Сауда қатынастары мемлекетаралық байланыстардың басты бағыты

Алтын Орда мен итальян мемлекеттерінің қарым-қатынастарының келесі бір негізгі бағыты – ол сыртқы сауда байланыстары мен оған негізделген қарым қатынастар болды. Итальян мемлекеттері, атап айтқанда Генуя мен Венеция республикалары Жерорта теңізі мен Қара теңізде және Қырымда халықаралық сауда байланыстарын өз қолында ұстаған державалар ретінде саналды. Зерттеушілер Жошы Ұлысының сыртқы саудасының бірнеше бағыттарын және сәйкесінше үш негізгі сауда жолы туралы айтады. Маңыздылығы жағынан біріншісі, әрине, Шығыс тауарлары Жерорта теңізі нарығына өтетін Ұлы Жібек жолы. Бұл жағдайда моңғолдардың негізгі сауда серіктестері итальяндықтар болды.

XI-XIII ғасырларда, ғасырлар бойы Генуя мен Венеция күшті теңіз республикалары болып, сондай-ақ Еуропаның ірі сауда және әкімшілік орталықтары болды. Негізгі сауда жолдарында орналасуы және негізгі транзиттік порттар ретінде Генуя мен Венеция итальяндарға үлкен табыс әкелді. Еуропа мен Азия арасындағы транзиттік сауданы бақылау көптеген еуропалық мемлекеттер мен Византияны итальяндық саудагерлерге тәуелді етті. Бұл XIII-XIV ғасырларда Генуя мен Венецияның халықаралық сауданың ірі орталықтары болуына әкелді (Koshechkina, 2021:24).

Генуялықтар мен венециандықтар үшін ең негізгі сауда аймағы мен экономикалық орталық саналған жер – Қырым түбегі мен Азов теңізінің маңындағы қалалар мен бекіністер болды. Генуялықтар Қырымда Кафа (Кефе) қамалын (қазіргі Феодосия қаласы) тұрғызды. Ол генуялықтардың ең негізгі сауда орталықтарының біріне айналды. Кейіннен бұл қала Алтын Орда мен Генуялықтар арасындағы ең тартысты саяси мәселелердің біріне айналды. Бекіністің екі қатарлы қорғаныс дуалы, цитадель және сыртқы бөлігі болды. Қаланың бекінісі мықты болып, соның арқасында моңғол жаулаушылығынан ұзақ уақыт бойы қорғана алды.

Генуя мен Венеция республикаларының сыртқы саудасында өзіндік саяси кедергілер болып, халықаралық мәселелер де туындап отырды. Қара теңіз бен Қырымда халықаралық сауда ісінде Алтын Ордадан бөлек Византия да итальяндарға ыюпал етті. 1261 жылы итальян мемлекеттері Византия императорымен келісімге келгеннен кейін генуялықтар салықтан босатылды. Генуялықтар қысқа кемелерді пайдаланып, тіпті қыста да сауда жасаған. Олар бірте-бірте басқа итальян елдерімен бәсекеге түсті. Мысалы, байлық пен техникалық дайындық бойынша Генуя Венециядан асып түсті. Генуялықтар венециандықтарға ғана емес, сонымен қатар византиялықтармен ордалықтарға да мақтанышпен қарады. Византиялық тарихшы Никефорос Григора олардың табысқа жетуінің басты себебі ретінде генуялықтардың таласократиясын көрсетеді (Григора, 1913:26-35). Бірақ генуэзиялықтардың талаптары бұдан да маңыздырақ болып, ол Алтын Ордадан Солтүстік Қара теңіз аймағын, соның ішінде Кафа мен Тананың үстемдігінде болған жағалаудағы аумақты толық басып алу болды.

Сыртқы саудаға байланысты тараптар арасында территориялық мәселелер де туындап отырды. Басты мәселе Алтын Орда мен итальяндар арасында болса, екінші мәселе сауда республикаларының өздерінің арасында да орын алып отырды. Оның басты мысалдарының бірі Кафа қаласын итальяндар аялдама етіп, саудасын сол жерден бастады және Кафаны 1266 жылы венециялықтар мен лигуриялықтар арасындағы шайқас күшейген кезеңде Алтын Орда билігі қаланы генуялықтарға берді. Итальяндық көпестермен ынтымақтастық дамыды. 1260 жылдардан бастап олардың белсенді сауда қызметі енді Алтын Орда аумағында тереңдей түсті (Giuseppe, 2008:164 p).

Венециандықтарға қатысты генуэзиялық бағдарлама 1269 жылдан бастап ашық түрде жарияланды. Бұл кезде Тана қамалының маңызы ерекше болды. Бұл қаланың Алтын Ордада құл саудасы, дәмдеуіштер, жібек, мақта және тері саудасы үшін ең пайдалы жерде орналасуына байланысты стратегиялық рөлге ие болғаны анық. Таяу Шығыстың нарықтарына тікелей жол осы Танадан ашылды. Флоренциялық жылнамашы Маттео Виллани генуялықтар үшін Тананың рөлін өте анық түсіндірді: «...генуялықтар Тана базарына галерлерімен бара алмады, бірақ Кафаны портқа айналдырып, дәмдеуіштер мен басқа да тауарларды құрлықта жоғары бағамен

жіберді. Генуялықтар бұл аймақты бақылауға тырысты немесе, кем дегенде, оның Кафаға күшті қарсылас болуына жол бермеді. Бұл мақсатта Алтын Ордамен және Византиямен жасалған келісімдер жасалды. Бұл кезде қуаты тасып тұрған Алтын Ордамен жасалған келісімдер генуялықтар үшін Азов теңізі мен Шығыс Қырым жағалауында әртүрлі типтегі елді мекендер, порттар мен бекіністерде сауда желісін ұйымдастыруға мүмкіндік берді (Pubblici, 2021:91-95).

Осылайша, Генуя негізгі сауда нүктелерінің функционалды жүйесін ұйымдастыруға көп күш жұмсады. Салыстырмалы түрде Венеция бұдан біраз кешігіп қалды. Генуялықтар Ордалықтармен жасаған тиісті келісімшарттардан соң жергілікті қарақшыларға, кейде Қара теңіздің жергілікті билеушілеріне қарсы шаралар қабылдады. Генуялықтардың аумаққа үстемдік ету ниеті венециандықтарға жақсы белгілі болды және бұл туралы шежіреші Антонио Моросини олардың саясатының ең дәл қысқаша мазмұнын көрсеткен. Ол генуялықтардың «теңіз саудасын дамыту жолында және аймақтағы қауіпсіздік жолында осы аймақты талқандаған татарларға қарсы көптеген шайқастарға қатысқаны белгілі болды» деп жазды (Кагров, 2001:258-259).

Қара теңіз бен Қырым аймағы халықаралық нүкте болғандықтан, ол Алтын Орда, Византия мен Трапезунд империяларының да бақылауында болып, олар аймақта тек генуялықтар ғана емес, сондай-ақ венециялықтар мен басқа да итальяндардың да сауда жасауын және сол арқылы салықты молайтуды көздеді. Бұған венециялықтардың өтініштері де себеп болды. Тараптар арасындағы сан түрлі келісімдерден кейін Византия мен Трапезунд императорлары, сондай-ақ Алтын Орда хандары венециялықтарға берілген артықшылықтар мен мүмкіндіктерде растау және ұзарту жөнінде жасалған өтініштерін қабылдады. (Кагров, 2001: 261).

Итальян теңіз республикаларының арасындағы бақталастығы кейде өте қауіпті қақтығыстарға апарып соқтырды. Мұндай қақтығыстар кезінде Византия мен Трапезунд империяларының билеушілері мен Алтын Орда хандары да араласып отырды. Мысалы, Генуя мен Венеция арасындағы екінші үлкен соғыс кезінде (1294-1299 жж.) Трапезунд империясы 1296 жылы Кафаны жаулап алу үшін Джованни Соранцо бастаған венециандық флотты қолдаған. 34 Мұндай жағдайда Орда хандары тараптарды тынышталдыруға тырысқан. Себебі,

орда хандары үшін саудадан түсетін салық маңызды болды.

Осылайша итальяндықтар мен ордалықтар арасында қарым-қатынастар аймақтағы тыныштық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етті. Италиян сауда республикаларының орда хандарымен орнатылған бейбіт қатынастарының арқасында Қара теңіз аймағындағы итальяндық қалалар далалық оқиғалардың (әулеттік немесе легитимдік күрес, әртүрлі көтерілістері) зардаптарына қарамастан гүлденіп, олардың тұрғындарының санын айтарлықтай арттырды. Осылайша өз қуатына масаттанған итальяндықтар кейде Орда хандарына төлеп отырған салықты төлеуде далтарып отырды. Бұл өз кезегінде орда хандарын түрлі шаралар қабылдауына мәжбүр етті. Соның бірі 1308 жылы Алтын Орда ханы Тоқты хан Сарайдағы генуялықтардың барлық мүлкін тартып алып, Кафаны қоршауға әскер жіберген (Di Cosmo, 2005: 408-411).

Өзінің қарсыласы ноғайлар сияқты Тоқта да Қырымның оңтүстігіндегі генузия отарларымен қақтығысқа түседі. Рас, егер бүлікші Беклярибек өлтірілген немересі үшін кек алу үшін оларды құртып жіберсе, хан Жошы Ұлысындағы ашаршылық кезінде Орда қол астындағылардың балаларын сатып алып, Батысқа сатып жіберген итальяндықтарды жазалауды ұйғарды. 1308 жылы Тоқта Кафаға әскер жіберді, Кафаның итальяндық халқы кемелерге толықтай дерлік мініп, Орда иеліктерін асығыс тастап кетті. Колонияны қалпына келтіру тек 1313 жылы, келесі хан Өзбектің билігінің кезінде ғана мүмкін болды (Di Cosmo, 2005: 412–413).

1320 жылы Қара теңіз аймағының венециялық көпестері оларға осы аймақтан тұрақты сауда орны салу үшін жер телімін бөлуді және сауда жеңілдіктерін беруді сұрап ханға жүгінеді. Алайда, оң шешім қабылдау үшін ханға ұзақ уақыт қажет болды. Себебі, венециандықтармен сауда жасау және сол арқылы саяси байланыс орнатуда қателік жібермеу керек болды. Өзбек хан халықаралық саяси жағдайға және ортақ байланыстарға өте тыңғылықты қарады. Тек 12 жылдық мұқият тексеруден кейін ғана мұндай құқыққа ие болу мүмкіндігі туды.

1332 жылы Венеция көпестеріне тиісті хан белгісі берілді, олар Тана қаласында (Азов) сауда орнын салу құқығын алды. Осылайша, Өзбек хан Қара теңіз саудасының дамуына және сәйкесінше сауда салықтары мен алымдарынан қазынаға түсетін түсімдердің айтарлықтай

артуына ықпал етті (Григорьев, 2002:117-118). Тағы бір қырынан алғанда Өзбек хан венециандықтармен сауданы күшейтуде Ильхандар мемлекетімен экономикалық бәсекеде жеңіліп қалмас үшін венециялықтарға сауда орны мен артықшылықтар беруге шешім қабылдағанын жоққа шығаруға болмайды.

Тана қаласының халықаралық сауда мен өзара мемлекетаралық қарым-қатынастардағы орны ерекше болды. XII-XV ғасырларда ол Генуя республикасының билігінде болған. Монғолдар тарапынан бұл қала бірнеше рет қоршауға алынып, қысым көрсе де, бірақ сыртқы сауда мен байланыстардың ірі орталығы болған. Бұл қала Орда хандарының вассалы болған. Ол Алтын Орда мен итальяндық мемлекеттердің негізгі байланыс нүктесі болды. Тана қаласында Венецияның да өзіндік үлесі болды. Танадағы Венециандық колония 1332 жылы Венеция елшісі А. Дзено арқылы Өзбек ханмен жасалған келісімнің негізінде құрылды. Бұл бойынша Өзбек ханның жарлығын алуда Венеция елшісі Андреа Зено Доге Франческо Дандоло ерекше қызмет етіп, ол негізінен дипломатиялық құжат болып саналды.

Бұл жарғының латын тіліне ілеспе аудармасы Венецияның мемлекеттік мұрағатында Венециандық ассамблеялардың материалдарында ең маңызды халықаралық келісімдер тіркелген және «Commemoriali» сериясының құжаттарының қатарында сақталған. Бұл сериядағы актілердің маңызды бөлігі Венециандық-Леванттық дипломатияда жарияланды. Бұл құжат «*Pactum Venetorum cum Nusbecho imperatore Tartarorum*» атауымен екі тараптың мөрі басылған құжат (Григорьев, 1978:20-21).

Өзбек хан мен Венеция арасындағы жер беру туралы жасалған келісімде Венециандық колонияны «генуялықтардан бөлек» орналастыру шарты да бөлек қарастырылды. Тананың қоршауы мен арықтары бар бекінген қонысы бар. Венециандық колония ретінде аталуы XIV ғасырға жататын құжаттарда кездеседі (Кагров, 2017: 238-240 р). Осылайша, Қара теңіздегі «итальяндықтардың орнын» анықтаудағы түбегейлі бетбұрыс венециялықтар тарапынан орын алды, оларға 1333 жылы хан Өзбек Танада (Азов) сауда факторияларын салу құқығын берді. Жаңа концессияны толтыру және сол себепті хан ұсынған орасан зор коммерциялық артықшылықтарды пайдалану үшін Венеция Сенаты елу көпеске «тілі мен шығу тегі латын» деген шартпен азаматтық берді. Тараптар арасын-

да жасалған бұл келісімге негізделген саясаттың бұл өзгерісі Қара теңіздегі итальяндықтың нақтылануының маңызды факторы болып табылады (Giuseppe, 2008:165 р).

1341 жылы Венеция сенаты орда билеушілерімен Қара теңіз жағалауындағы аймақтар мен порттарды пайдалану туралы келісім жасау қажет деген шешімге келді. Өз кезегінде Венеция Республикасы Алтын Орда ханымен келіссөздер жүргізе бастады.⁴⁵ Алайда, кейіннен 1343 жылы Жәнібек ханның Тананы басып алуы ортадағы байланыстарға кері әсерін тигізді, бұл жерде Азов және Қара теңіз аймақтарынан экспортталатын астыққа тапшылық болды. Қалада қақтығыс басталып, Жәнібек хан итальяндықтарды Танадан қуып шығады. Бұған жауап ретінде көп 1344 жылы Венеция мен Генуя Алтын Ордаға қарсы өзара талаптар мен бірлескен әрекеттерді реттеу туралы келісімге келді. Жәнібек хан 1343-1346 жылдары Кафа бекінісін қоршауға алды. Бірақ, ол сәтсіз болды. Бекіністі қоршап тұрған Алтын Орда әскерлерінің арасында ауру таралып, әскердің үлкен бөлігі аурудан қырылды. Өз кезегінде сыртқы сауда осындай саяси мәселелердің тууына ықпал етті.

Өзара тартыстардың тууына құл саудасының орын алуы да себеп болды. Итальяндық саудагерлер құл саудасымен де айналысты. Бұл жағдай Алтын Орда мемлекеті мен қоғамында сирек кездесетін жағдай болғандықтан, ендігі кезекте оның итальяндықтар тарапынан кеі өріс алуын тежеу қажет болды. Сайып келгенде, олардың кең таралуы кеш ортағасырлық итальяндық қалалық қоғамға айтарлықтай әсер еткен болуы керек. 1343 жылдың қыркүйегінде Дон өзенінің жағасындағы құл саудасын жүргізген Тана портында Венециандық Андриоло Чивранды көпшілікті алдында жазаға тартты (Mark Norrell, Ludovica Rosati, 2011:154).

Бұл соғыс негізінен Венеция мен Генуяның бірлесіп Алтын Ордаға қарсы шығуынан туған еді. Наразылықтар салық төлеу мен әр түрлі келіспеушіліктің салдарынан орын алды. Айта кетерлігі, 1343-1347 жылдары болған саяси және әскери шиеленіс кезеңдерінде сауда қимылдары тоқтаған жоқ. Өзінің ұстанымдарына берік болған Алтын Орда итальяндарға қарсы соғыс кезінде шарттарының орындалуын талап етті (Morozzo della Rocca, 1962:289-293).

1360 жылдан бастап генуялықтардың Қара теңізге сауда шарттарын өзгерту мен енгізуде тиімдірек болды деп айтуға болады, мұның бәрі

дәлірек айтсақ, орда билеушілерінің билігінің әлсіреуі мен Алтын Ордадағы ішкі соғыстармен байланысты. Ордалықтар кең байтақ жерлер мен сауда құқығын итальяндықтарға беруге мәжбүр болды. XIV ғасырдың екінші жартысынан бастап, сауда жолдары мен Қырымдағы факториялардың Алтын Орда үшін тиімділігі азая түсті. Ол халықаралық жағдайдың шиеленісуімен және Алтын Орданың әлсіреуімен байланысты болды.

Осылайша, уақыт санап сауда қатынастары мемлекеттердің саяси байланыстарына да ықпал етті. Мұның бәрі бірінші кезекте сауда-экономикалық саласында көрінді. Генуя мен Алтын Орда арасындағы 1381 және 1387 жылдардағы келісімдерден кейін Генуялықтарға Қырым түбегінде кеңейтуге рұқсат берген Кафаның жаңа мәртебесінің жариялануы болды. Бірақ ханның аты мен титулының артқы жағындағы Кафа мөрінде өзгерістер болып, онда Орданың емес, Генуяның бейнесі сызылған (Paparcostea, 1979: 212-214). XV ғасырдың басында Кафа толығымен тәуелсіз мәртебесін көрсететін Генуя атынан ғана монеталар сериясын шығарды. Генуя тарапынан жүргізілген мұндай қимылдардың саяси мән-мазмұны терең болып, ол Алтын Орданың аймақтағы саясатына нұқсан келтірді.

Бұдан тыс сыртқы факторлар Алтын Орда мен итальян мемлекеттерінің арасындағы саяси және сауда байланыстарын нашарлауына ықпал етті. Оның басты мысалы 1395 жылы Әмір Темірдің Алтын Орданы соғыста жеңіп, оның халықаралық беделін түсіруі оның беделіне орасан зор нұқсан келтірді. Ал XV ғасырдың басында Алтын Орда мен монғол хандықтарының анархиялық жүйесі әлсіреп, ол тек саяси ғана емес, экономикалық тұрғыдан да әлсіреуімен сипатталды.

Алтын Орда Таяу Шығыс, Мысыр және Жерорта теңізі елдерімен генуялықтар мен венециялықтардың делдалдықтары арқылы сауда қатынасын жүргізді. Бұл байланыстар XV ғасырда бұғаздар османлылардың қолына өткен соң итальяндықтар үшін жол жабылды. Хандар бұл мәселені шешуге тырысты, бірақ саяси тұрақсыздық олардың бұл жағдайдан шығу стратегиясын жасауға кедергі келтірді, ал Османлылар одан әрі барып, Балқанды басып алды, Алтын Орданың итальяндықтармен сауда байланысы түріктер арқылы жүргенімен, алайда ол уақыт санап нашарлай түсті. Сауда жолдары жабылып, ал мұның бәрі Алтын Орданың жағдайын нашарлатты.

Уақыт өте мемлекеттер арасында сауда-саттық және саяси бәсекелестік арта түсті. Бұл тек итальяндықтар мен ордалықтар арасында ғана емес, сондай-ақ османдардың өсіп келе жатқан артықшылықтарын ескеруге тура келді. Қырымда Алтын Орданың әлсірей бастауы мен түріктердің Кіші Азия мен Қара теңіз жағалауында күшейе бастауы сияқты қарама-қайшы жағдайды венециялықтар тиімді пайдалана алды, олар өз сауда факторияларын нығайтып, кенейте алды, сонымен қатар Алтын Орданың орнын басқан Қырым хандығымен жақсы қарым-қатынас орнатты.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, XIII-XIV ғасырларда итальян мемлекеттері мен Алтын Орда арасындағы саяси қарым-қатынастар сол замандағы халықаралық байланыстардың негізгі бір бөлігі саналды. Итальян мемлекеттері Алтын Орданың тек саяси күш-қуатын есепке алып, соған байланысты ғана құрмет көрсетіп қана қоймай, сондай-ақ өз заманына сай мемлекетаралық байланыстарды орната алды. Итальян мемлекеттерінің Алтын Орда және басқа да монғол мемлекеттерімен тығыз байланыс орнатуы мен католик діни миссионерлерін жөнелтуі еуропалықтардың Шығысты игеруінің алғашқы және ең маңызды кезеңі болып саналды.

Зерттеудің басты қорытындыларының бірі Алтын Орда және жалпы Шығыс елдері итальян республикаларының назарында болып, онда діни және сауда-саттық факторлары басым болды. Оның басты нәтижелері ортақ байланыстар Римдегі Жібек өндірісі мен итальяндық сауда-саттықтың дамуына және жалпы Батыс өркениетінің, оның ішінде әсіресе Италияның дамуы жолында Шығыстың ықпалы мен Ұлы Жібек жолының мыңжылдық бағыттарының тарихи рөліне баға берілді. Еуропа мен Азия қалалары арасындағы жүргізілген саяхаттың, елшілік қарым-қатынастың, сауда-саттықтың дамуы Шығыс пен Батыс арасында білімнің, технологияның және мәдени ықпалдастықтың дамуы белгілі бір деңгейге көтерілді. Себебі, итальяндық зерттеушілер, саяхатшылар, миссионерлер және саудагерлер мен елшілер өз кезегінде тек өзінің жолымен шектелмей саяси қатынастарды дамытуға үлес қоса алды. XIII-XIV ғасырларда жүргізілген ұзақ сапарлар Батыста Италиядан Шығыста Алтын Орта мемлекетіне дейін жалғасқан байланыс жолын қалыптастырды.

Әдебиеттер

- Bihl M., Moule A.C. (1924). *Tria nova documenta de missionibus Fr. Min. Tartariae Aquilonaris annorum 1314–1322* // *Archivum Franciscanum Historicum*. №17. Quaracchi, P. 55–71.
- Di Cosmo N. (2005). *Mongols and Merchants on the Black Sea Frontier in the Thirteenth and Fourteenth Centuries: Convergences and Conflicts* // *Mongols, Turks and others. Eurasian Nomads and the Sedentary World*. Leyden; Boston, P. 391-424.
- Canale M.G. (1855-1856). *Delia Crimea, del suo commercio e del suoi dominatori dalle origini fino ai di nostri*. Genova, Vol. 1-3.
- Giovanni da Pian del Carpine, (1996). (Archbishop of Antivari). *Historia Mongalorum Quos Nos Tartaros Appellamus* Branden Publishing Company,– 136 p.
- Guglielmo di Rubruk. (2014). *Viaggio in Mongolia*. A cura di Paolo Chiesa Pubblicato.– 640 p.
- Guillelmus de Rubruc (1929). *Itinerarium, «Sinica Francescana», Vol. I, “Itinera et relations fratrum minorum, saeculi XIII et XIV, a cura di A. Van De Wyngaert, Firenze – 637 p.*
- Giuseppe Cossuto. (2008). *L'italianità trasformata: la caduta di Caffa e gli italiani della ex colonia tra Khanato di Crimea e Impero ottomano*. // *Altretaliae*. №36-37. – P. 163-172
- Frances Wood. (1995). *Did Marco Polo go to China?* – London: Martin Seeker & Warburg Limited, - 175 p.
- Franco Adravanti. (2001). *Cengiz-Khan. Primo imperatore del “Mirabile Dominium”*. – Milano: Bompiani,– 376 p.
- Koshechkina E. A. *Ulus Jochi in system of international trade on territory of Crimean Peninsula in 2020. XIII–XIV centuries* // *Omsk Scientific Bulletin. Series Society. History. Modernity*. Vol. 5, no. 2. P. 22–28.
- Karpov, Sergej. (2001). *Venezia e Genova: rivalità e collaborazione a Trebisonda e Tana, secoli XIII - XV*. In: *Genova, Venezia, il Levante nei secoli XII-XIV*. Atti del Convegno Internazionale di Studi. Genova-Venezia, 10-14 marzo 2000. Atti della Società Ligure di Storia Patria. Nuova serie (41/1). Società Ligure di Storia Patria, Genova, pp. 257-272.
- Karpov Sergej. (2017). *La Tana veneziana. Vita economica e rapporti sociali: i tentativi di superare la grande crisi della metà del Trecento (итал.)* // *Rapporti mediterranei, pratiche documentarie, presenze veneziane: le reti economiche e culturali (XIV-XVI secolo)*. Estratto: diario / Ortalli, Gherardo; Sopracasa, Alessio. – Venezia: Istituto Veneto di Scienze, Lettere ed Arti,– P. 237-252
- Lorenzo Pubblici. (2018). *Dal Caucaso al Mar d’Azov: l’impatto dell’invasione mongola in Caucasia fra nomadismo e società sedentaria (1204-1295) : nuova edizione riveduta e aggiornata*. – Firenze: Firenze University Press,– 253 p.
- Lorenzo Pubblici. (2021). *Western Immigration in the fourteenth-century Golden Horde: The Case of Venetian Tana*. *Zolotoor-dynskoe obozrenie=Golden Horde Review*. vol. 9, no. 1, pp. 90–107.
- Mario Bussagli. (1970). *Culture e civiltà dell'Asia centrale*. Torino: ERI,– 319 p.
- Morozzo della Rocca R. (1962). *Notizie da Caffa* // *Studi in onore di Amintore Fanfani*. Vol. III. Milano, P. 266–295.
- Papacostea Ş. (1979). ‘*Quod non iretur ad Tanam*’. Un aspect fundamental de la politique génoise dans la Mer Noire au XIVE siècle // *Revue des Études du Sud-Est Européenne*. № 12. Bucureşti, - P. 201–217.
- Sulla Via della Seta. (2012). *Antichi sentieri tra Oriente e Occidente*, co-edited with Mark Norrell, Ludovica Rosati and Alexandra Wetzel, Turin, Codice Edizioni,– 167 p.
- Storia civile e politica del commercio de' veneziani di Carlo Antonio Marin. (1798-1800)*. Volume 1-8. – Vinegia: Nella stamperia Coleti,
- Joseph von Hammer-Purgstall. (1840). *Geschichte der goldenen Horde in Kiptschak, das ist: der Mongolen in Russland*. Pesth, – 683 s.
- Tholomeus von Lucca. (2009). *Historia ecclesiastica nova nebst Fortsetzung bis 1329 / Clavuot O. (ed.) // Vorarbeiten von L. Schmutge*. *Monumenta Germaniae Historica, Scriptores XXXIX*, Hannover,
- Григорьев А.П., Григорьев В.П. (2002). *Коллекция золотоордынских документов XIV века из Венеции: Источниковедческое исследование*. СПб.: Изд-во Санкт-Петербургского ун-та, - 276 с.
- Григорьев А.П. (1978). *Монгольская дипломатика XIII-XIV вв. (чингизидские жалованные грамоты)*. – Л.: Изд-во ЛГУ,– 136 с.
- Жұмағұлов Қ. Т., Абдимомынов Н.Т. (2016). *Алтын Орданың халықаралық сауда-экономикалық қарым-қатынастары (XIII-XIV ғғ.): монография / Қ.Т. Жұмағұлов, Н.Т. Абдимомынов*. – Алматы: Қазақ университеті,– 230 б.
- Карпов С.П. (1982). *Венецианская работорговля в Трапезунде (конец XIV – начало XV в.)* // *Византийские очерки*. М., С. 191-207.
- Католические миссионеры в Золотой Орде (2016)*. // *Золотая Орда в мировой истории / Ред. Р.С. Хакимов, М. Фаверо, В.В. Трепавлов, И.М. Миргалеев, Р. Хаутала*. – Казань: Институт истории имени Ш. Марджани АН РТ, — С. 328–334.
- Крамаровский М.Г. (2012). *Человек средневековой улицы. Золотая Орда. Византия. Италия*. – СПб., ЕВРАЗИЯ, 496 с.,
- Никифор Григора. (2013). *История ромеев. В 3 т. / Пер. с греч. Р. В. Яшунского, вступ. ст. Л. Герд*. СПб.: Издательский проект "Квадривиум",
- Скржинская Е.Ч. (1971). *История Таны (XIV-XV вв.)* // *Барбаро и Контарини о России: К истории итало-русских связей в XV в. / Вступит, статья, подг. текста, пер. и коммент. Е. Ч. Скржинской*. Л.,– С. 29-64.

References

- Bihl M., Moule A.C. (1924). *Tria nova documenta de missionibus Fr. Min. Tartariae Aquilonaris annorum 1314–1322* // *Archivum Franciscanum Historicum*. №17. Quaracchi, P. 55–71.

- Di Cosmo N. (2005). *Mongols and Merchants on the Black Sea Frontier in the Thirteenth and Fourteenth Centuries: Convergences and Conflicts // Mongols, Turks and others. Eurasian Nomads and the Sedentary World.* Leyden; Boston, P. 391-424.
- Canale M.G. (1855-1856). *Delia Crimea, del suo commercio e del suoi dominatori dalle origini fino ai di nostri.* Genova, Vol. 1-3.
- Giovanni da Pian del Carpine, (1996). (Archbishop of Antivari). *Historia Mongalorum Quos Nos Tartaros Appellamus* Branden Publishing Company, – 136 p.
- Guglielmo di Rubruk. (2014). *Viaggio in Mongolia.* A cura di Paolo Chiesa Pubblicato.– 640 p.
- Guillelmus de Rubruc (1929). *Itinerarium, «Sinica Francescana», Vol. I, “Itinera et relations fratrum minorum, saeculi XIII et XIV, a cura di A. Van De Wyngaert,* Firenze – 637 p.
- Giuseppe Cossuto. (2008). *L'italianità trasformata: la caduta di Caffa e gli italiani della ex colonia tra Khanato di Crimea e Impero ottomano.* // *Altreitalia.* №36-37. – P. 163-172
- Frances Wood. (1995). *Did Marco Polo go to China?* – London: Martin Seeker & Warburg Limited, - 175 p.
- Franco Adravanti. (2001). *Cengiz-Khan. Primo imperatore del “Mirabile Dominium”.* – Milano: Bompiani,– 376 p.
- Koshechkina E. A. *Ulus Jochi in system of international trade on territory of Crimean Peninsula in 2020. XIII–XIV centuries // Omsk Scientific Bulletin. Series Society. History. Modernity. Vol. 5, no. 2. P. 22–28.*
- Karpov, Sergej. (2001). *Venezia e Genova: rivalità e collaborazione a Trebisonda e Tana, secoli XIII - XV.* In: *Genova, Venezia, il Levante nei secoli XII-XIV. Atti del Convegno Internazionale di Studi. Genova-Venezia, 10-14 marzo 2000. Atti della Società Ligure di Storia Patria. Nuova serie (41/1). Società Ligure di Storia Patria, Genova, pp. 257-272.*
- Karpov Sergej. (2017). *La Tana veneziana. Vita economica e rapporti sociali: i tentativi di superare la grande crisi della metà del Trecento (итал.) // Rapporti mediterranei, pratiche documentarie, presenze veneziane: le reti economiche e culturali (XIV-XVI secolo). Estratto: diario / Ortalli, Gherardo; Sopracasa, Alessio. – Venezia: Istituto Veneto di Scienze, Lettere ed Arti,– P. 237-252*
- Lorenzo Pubblici. (2018). *Dal Caucaso al Mar d'Azov: l'impatto dell'invasione mongola in Caucasia fra nomadismo e società sedentaria (1204-1295) : nuova edizione riveduta e aggiornata.* – Firenze: Firenze University Press,– 253 p.
- Lorenzo Pubblici. (2021). *Western Immigration in the fourteenth-century Golden Horde: The Case of Venetian Tana. Zolotoordynskoe obozrenie=Golden Horde Review. vol. 9, no. 1, pp. 90–107.*
- Mario Bussagli. (1970). *Culture e civiltà dell'Asia centrale.* Torino: ERI,– 319 p.
- Morozzo della Rocca R. (1962). *Notizie da Caffà // Studi in onore di Amintore Fanfani. Vol. III. Milano, P. 266–295.*
- Papacostea Ş. (1979). *‘Quod non iretur ad Tanam’. Un aspect fondamental de la politique génoise dans la Mer Noire au XIVe siècle // Revue des Études du Sud-Est Européenne. № 12. Bucureşti, - P. 201–217.*
- Sulla Via della Seta. (2012). *Antichi sentieri tra Oriente e Occidente, co-edited with Mark Norrell, Ludovica Rosati and Alexandra Wetzel, Turin, Codice Edizioni,– 167 p.*
- Storia civile e politica del commercio de' veneziani di Carlo Antonio Marin. (1798-1800). Volume 1-8. – Vinegia: Nella stamperia Coleti, s. 351*
- Joseph von Hammer-Purgstall. (1840). *Geschichte der goldenen Horde in Kiptschak, das ist: der Mongolen in Russland.* Pesth, – 683 s.
- Tholomeus von Lucca. (2009). *Historia ecclesiastica nova nebst Fortsetzung bis 1329 / Clavuot O. (ed.) // Vorarbeiten von L. Schmutge. Monumenta Germaniae Historica, Scriptorum XXXIX, Hannover, 784 s.*
- Grigor'ev A.P., Grigor'ev V.P. (2002). *Kollekciya zolotoordynskih dokumentov XIV veka iz Venecii: Istochnikovedcheskoe issledovanie.* SPb.: Izd-vo Sankt-Peterburgskogo un-ta, - 276 s.
- Grigor'ev A.P. (1978). *Mongol'skaya diplomatika XIII-XIV vv. (chingizidskie zhalovannye gramoty).* – L.: Izd-vo LGU, – 136 s.
- Jumağulov Q. T., Abdimomynov N.T. (2016). *Altyn Ordanyń halyqaralyq saýda-ekonomikalyq qarym-qatynastary (HIII-HIV ǵǵ.): monografiya / Q.T. Jumağulov, N.T. Abdimomynov. – Almaty: Qazaq ýniversiteti,– 230 b.*
- Karpov S.P. (1982). *Venecijskaya rabotorgovlya v Trapezunde (konec XIV – nachalo XV v.) // Vizantijskie očerki. M., S. 191-207.*
- Katolicheskie missionery v Zolotoj Orde (2016). // Zolotaya Orda v mirovoj istorii / Red. R.S. Hakimov, M. Favero, V.V. Tre-pavlov, I.M. Mirgaleev, R. Hautala. – Kazan': Institut istorii imeni SH. Mardzhani AN RT,— S. 328–334.*
- Kramarovskij M.G. (2012). *CHelovek srednevekovoj ulicy. Zolotaya Orda. Vizantiya. Italiya. – SPb., EVRAZIYA, 496 s.*
- Nikifor Grigora. (2013). *Istoriya romeev. V 3 t. / Per. s grech. R. V. YAshunskogo, vstup. st. L. Gerd. SPb.: Izdatel'skij proekt "Kvadrivium",*
- Skrzhinskaya E.CH. (1971). *Istoriya Tany (XIV-XV vv.) // Barbaro i Kontarini o Rossii: K istorii italo-russkikh svyazej v XV v. / Vstupit, stat'ya, podg. teksta, per. i komment. E. CH. Skrzhinskoj. L.,– S. 29-64.*